

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Арыстановаға
«Адал-азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» бағдарламасы
аясында 12.01.2026 аралығында «Буллинг,кибербуллинг» күнделікті үзілісте атқарылатын
іс-шаралар жоспары аясында

Анықтама

Тақырып: «Буллинг,кибербуллинг»
Сынып:5-9

Мақсаты: Оқушыларға буллинг пен кибербуллинг ұғымдарын түсіндіру, олардың түрлері мен салдарын ұғындыру, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдарын үйрету және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

1.Тренинг:«Сезімді таны» Оқушыларға түрлі жағдаяттар жазылған карточкалар таратылады (мазақ ету, қолдау көрсету, шеттету т.б.). Әр оқушы сол жағдайда адамның қандай сезімде болатынын айтып береді.Мақсаты: Эмпатияны дамыту, өзгенің сезімін түсіне білу.

2.Тренинг: «Жағдайдан шығу жолы» ойыныТоптарға буллингке байланысты нақты өмірлік жағдайлар ұсынылады. Оқушылар бірігіп, мәселені шешу жолдарын ұсынады.Мақсаты: Дұрыс шешім қабылдау, көмек сұрау дағдыларын қалыптастыру.

3.Тренинг: «Жақсы сөз – жарым ырыс» Оқушылар бір-біріне жағымды сөздер айтып, қолдау көрсетеді.Мақсаты: Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, бір-біріне сенімді арттыру.

Қорытынды:Буллинг пен кибербуллинг – әр оқушының психологиялық және эмоционалдық жағдайына кері әсер ететін өзекті мәселе. Осындай алдын алу шаралары арқылы оқушылар өз құқықтарын білуге, қиын жағдайда жалғыз қалмауға және бір-біріне қолдау көрсетуге үйренеді. Әрбір оқушы қауіпсіз, сыйластыққа негізделген ортада білім алуға лайық.



Педагог-психолог: Нұрлыбекова С.Е

